

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RYBO5109>

**А. М. Досанова¹, Қ. С. Алдашева²,
*А. Б. Жанибекова³, А. Бурангалиева⁴**

^{1,2,3}әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴Халықаралық білім беру корпорациясы,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8302-3982>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5292-6727>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-5498-8346>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0544-6458>

*e-mail: zhanibekova.altynai@gmail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ТІЛДІК РЕПЕРТУАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҮРДІСТЕР

Бұл мақалада қазіргі жастар сөйлеу тілінде орын алып жатқан тілдік репертуардың кеңеюі мен сәйкестілік трансформациясы лингвистикалық, социолингвистикалық және прагматикалық аспектілерде сипатталады. Жаһандану, урбанизация және цифрлық коммуникация үдерістері нәтижесінде жастар дискурсында бірден бірнеше тілдік жүйелердің өзара ықпалдасуы күшейіп, тілдік шекаралар бұлдырап, жаңа гибридік құрылымдар қалыптасып отыр.

Мақаланың негізгі мақсаты ретінде респонденттердің тілдік репертуары мен сәйкестілік модельдерін айқындау, олардың код-ауысу, транслингвистикалық бейімделу және прагматикалық стратегияларын анықтап жастардың сөйлеу тіліндегі көптілділік көріністері мен олардың тілдік сәйкестілікпен байланысын сипаттау. Зерттеу барысында сапалық әдіснамаларға (qualitative approach) сүйене отырып, үш эмпирикалық әдіс қолданылды: құрылымдалған тереңдетілген сұхбат, табиғи дискурсты жинау және қатысушы бақылау. Эмпирикалық материал ретінде жастардың сөйлеу үлгілері мен әлеуметтік желідегі коммуникациясы пайдаланылды, нәтижесінде респонденттердің сөйлеу тілінде код-ауысудың түрлі

формалары, калькаланған құрылымдар, кірме сөздер мен сленг арқылы жүзеге асатын прагматикалық бейімделу жағдайлары анықталды. Жастардың тілдік репертуары мен ондағы қалыптасып жатқан негізгі тілдік үрдістер сипатталды.

Кілтті сөздер: тілдік репертуар, код-ауысу, сәйкестілік трансформациясы, translanguaging, көптілділік, тілдік үрдіс.

Кіріспе

Жаһандану мен жаңғыру жағдайында ұлттық тілдік сәйкестілікті сақтау ғана емес, сондай-ақ, қоғамның белсенді әлеуметтік-демографиялық тобы – жастардың бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ететін көптілділікті дамыту қажеттілігі туындауда. Жастар тілдік процестерді зерттеуде ерекше орын алады, себебі дәл осы ұрпақ қазіргі заманның талаптарына сай өзгерістерге белсенді түрде қатысуда.

Қазіргі жаһандану үдерісінің қарқыны жастардың тілдік тәжірибесіне де тікелей ықпал етіп отыр. Әлеуметтік, мәдени және технологиялық өзгерістердің ықпалында жастардың сөйлеу тілі де өзгеріске ұшырап, жаңа тілдік формалар мен коммуникативтік модельдерді қалыптастыруда.

Жастардың тілдік репертуары мен сәйкестілік трансформациясын зерттеу көпдеңгейлі пәнаралық талдауды талап етеді. Қазіргі тілдік кеңістікте субъектінің коммуникативтік әрекеті мен өзіндік сәйкестілігі тек тілдік таңдау арқылы емес, сонымен қатар, дискурстық практикалар арқылы да қалыптасады. Осы тұрғыда зерттеудің теориялық негізін бірнеше концептуалдық категориялар құрайды: тілдік құзырет, тілдік таңдау, тілдік репертуар, код ауыстыру, тілдік сәйкестілік, сәйкестілік трансформациясы, көптілді дискурс және постмодерндік тілдік субъект «Жастардың тілдік сәйкестілігін қалыптастыруда олардың әртүрлі тілдерге және сол тілдерде сөйлейтін адамдарға деген қарым-қатынасы ерекше рөл атқарады» [1, 20-б.].

Тілдік репертуар ұғымы 1960 жылдарда Индия мен Норвегияның жергілікті халқының сөйлеу ерекшеліктерін зерттеп, новаторлық зерттеу жұмыстарын жүргізген Дж. Гумперцтің есімімен байланысты. Ол репертуарды әлеуметтік ортадағы әртүрлі коммуникативтік контекстерде қолданылатын (тіл, диалект, стиль, жаргон, регистр, вернакуляр) тілдік кодтар мен стильдердің динамикалық жиынтығы ретінде қарастырады. Заманауи көзқарастарда Бломмарт Бакус тілдік репертуар ұғымы тек тілдердің саны мен сапасын емес, сондай-ақ субъективті тілдік ресурстардың индексациялық сипатын да қамтиды [2, 114-б.][3, 151-б.][4, 98-б.].

Б. Буш тілдік репертуарды қажеттілікке сай керегін алуға мүмкіндік беретін «құрал-саймандар жәшігіне» теңейді. Өйткені, сөйлеушілер өздері меңгерген тілдер арасынан коммуникативтік жағдаятқа байланысты тиістісін

пайдаланады, ол сөйлеушілердің тілдік ресурстарының азаюы не көбеюіне байланысты өзгеріп отырады деп санайды [5, 17-6.]. Тілдік репертуарды вербалды репертуар деп те аталған Е. Финеган [6, 244-6.]. Соңғы онжылдықта тілдік репертуар түсінігінің мағынасы кеңейе түсті. Себебі, қазіргі ғылымда тұлғаның жеке басын сәйкестендіру мәселесі де тілдік репертуар ұғымының аясында қарастырылуда. Жаһандану заманындағы қоғам өмірінің жан-жақтылығы да бұл концепцияны анықтауға өзгерістер енгізуде.

Осы тұрғыда тілдік репертуар ұғымы – жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың қарым-қатынас жасау үшін қолданатын тілдік ресурстарының жиынтығы – зерттеу объектісі ретінде өзекті бола түседі. Жастардың тілдік репертуары тек дәстүрлі ұлттық тілді қамтып қоймай, орыс, ағылшын және басқа да тілдерден енген элементтермен кеңейіп отыр.

Қазіргі қазақ жастарының тілдік репертуарына қазақ, орыс және ағылшын тілдерімен қатар интернет жаргоны, гибрид сөздер, мемдік құрылымдар, және эмодзи мен графикалық белгілер енеді. Сонымен қатар, тілдік репертуардың кеңеюі жастардың сәйкестілік трансформациясына әкелуде. Тілдік сәйкестілік – тұлғаның өз-өзін белгілі бір тілдік қауымдастықпен сәйкестендіруі – бүгінгі таңда тұрақты құбылыс емес, керісінше, динамикалық, контекске тәуелді, көпқабатты жүйе ретінде көрініс табуда. Жастар сөйлеу тілінде код-ауысу, сленг, гибридті құрылымдардың белсенді қолданылуы олардың бір мезгілде бірнеше тілдік және мәдени кеңістікте әрекет ететінін көрсетеді. Бұл құбылыс транслингвизм (translanguaging) ұғымымен тығыз байланысты.

Осы мақалада жастар дискурсында тілдік репертуардың кеңеюі мен сәйкестілік трансформациясының ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жастардың сөйлеу тіліндегі көптілділік көріністері мен олардың тілдік сәйкестілікпен байланысын сипаттау. Зерттеу сұрағы: қазіргі қазақ жастары қандай тілдік репертуарды қолданады және бұл олардың әлеуметтік-мәдени сәйкестігіне қалай әсер етеді?

Қазақстан жастарының тілдік репертуары ана тілімен қатар бірнеше шет тілдерінен тұратын күрделі репертуар болып табылады. Жастардың тілдік репертуары тұрақты емес, оған динамикалық сипат тән. Себебі, отбасында бір тілде сөйлеп жүріп, балабақша және мектепте, одан кейін жоғары оқу орындарында, жұмыс бабы сияқты өмірлік мәселелерде тұлғалардың тілдік репертуарының өзгеруі Қазақстан үшін қалыпты жағдайлардың бірі. Отбасы мен жұмыс тілінің, балабақша мен мектеп тілінің сәйкес келмеуі жастардың тілдік арсеналындағы тілдерді араластырып, алмастырып сөйлеуіне әкеледі. Жастардың тілдік репертуарында орын алатын код-ауысу, гибридті құрылымдар мен сленг формалары, бір жағынан, прагматикалық бейімделудің нәтижесі болса, екінші жағынан, тілдік сәйкестілік трансформациясының көрінісі ретінде бағаланады О. Гарсия, Л. Вей сәйкестілік трансформациясы

ұғымы постструктуралистік лингвистикалық және мәдениетаралық зерттеулер аясында қарастырады. Сәйкестіліктің тұрақты, біртұтас категория ретіндегі классикалық түсінігі орнына, қазіргі ғылымда оны фрагменттелген, көпдеңгейлі, контекске бейімделетін құрылым ретінде тану басым [7, 28-6.].

М. Бухольц, К. Холл ұсынған «identity as interactional achievement» қағидасы бойынша сәйкестілік дискурстық деңгейде конструкцияланады және қатысымдық актіде үнемі қайта жаңғырып отырады [8, 602-6.]. Бұл идея Ж. П. Ги ұсынған дискурстық сәйкестілік концепциясымен үйлеседі, мұнда тұлғаның лингвистикалық таңдауы әлеуметтік рөлдер мен топтық ұстанымдармен ұштасады. Бұл құбылыс «translanguaging» теориясымен де ұштасады, мұнда тіл бірліктерінің қатаң шекаралары жойылып, қолданушының танымдық және әлеуметтік ресурстары біріктірілген кешен ретінде қарастырылады [9, 78-6.].

Материалдар мен әдістері

Осы зерттеу оқушыларының тілдік репертуары мен сәйкестілік трансформациясын зерделеуге бағытталды. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қазіргі әлеуметтік лингвистиканың сапалық парадигмасы алынды, мұнда тілдік феномендердің әлеуметтік контекстпен байланысы мен коммуникативтік рөлін талдау басым бағыт ретінде қарастырылды. Зерттеудің басты мақсаты – жасөспірімдердің сөйлеу тілінде көрініс табатын көптілділік құбылыстарын, код-ауысу практикасын, гибриді лексикалық құрылымдарды және тілдік сәйкестілікпен байланысын айқындау болды.

Зерттеу барысында сұхбат – жастардың тілдік тәжірибесі, репертуар құрылымы, сөйлеу кезінде тіл таңдау уәжділігі және сәйкестілікке қатысты жеке пайымдары туралы сапалық деректерді жинау мақсатында қолданылды (барлығы 30 респондент). Сұхбат сұрақтары респонденттің тілдік ортасы, отбасындағы тілдік қатынас, әлеуметтік желілерді қолдану тілі, достарымен сөйлесу тілдік формалары, және тілдік сәйкестілік туралы көзқарастарды қамтыды. Әр респонденттің жауаптары лексикалық репертуардың құрамын, код-ауысу жиілігін, сөйлеу регистрінің жағдайға бейімділігін және сәйкестілік трансформациясына қатысты стратегиялық тілдік мінез-құлықты сипаттауға мүмкіндік берді.

2 Табиғи сөйлеу дискурсының жазбалары әдісі – респонденттердің шынайы қарым-қатынас жағдайларында (үзіліс уақытында, аудитория ішіндегі бейресми диалогтарде, ортақ тақырыптық әңгімелерде) пайдаланатын тілдік құрылымдарды тіркеуге бағытталды. Зерттеуші тарапынан жүргізілген дыбысжазба, бейнебақылау және стенографиялық жазбалар арқылы 100-ге жуық дискурстық үзінді жиналды. Деректер код-ауысу типологиясы С. Поплак синтаксистік құрылым, прагматикалық функция және лингвистикалық креатив тұрғысынан жіктеуге мүмкіндік

берді [10, 594-б.]. Әсіресе, қазақ-орыс, орыс-қазақ және қазақ-ағылшын код-ауысу формаларының табиғи түрде қалыптасып, сөйлеушілердің жас ерекшелігіне, сөйлеу серіктесіне және прагматикалық контекстке қарай өзгеретіндігі анықталды.

3 Қатысушы бақылау әдісі – респонденттердің әртүрлі әлеуметтік контекстерде қалайша тіл ауыстыратынын, қандай тілдік стильдерді таңдайтынын, формалды және бейформалды жағдайда сөйлеу реңкін қалай өзгертетінін көруге мүмкіндік берді. Бақылау кезінде респонденттердің өзара топтық сәйкестілікке бейімделу стратегиясы – мысалы, достар ортасында сленг қолдану, бейформалды ағылшын не орыс сөздерін енгізу – тіл мен әлеуметтік рөлдің тығыз байланысын айқындады. Ерекше назарға алынғаны – респонденттің бейсаналы түрде тілдік таңдауды аудитория мен жағдайға икемдеуі.

Зерттеудің талдау әдістері ретінде дискурстық, мазмұндық және нарративтік талдау тәсілдері қолданылды. Дискурстық талдау Бухольц М, Холл К. ұсынған сәйкестіліктің дискурстық конструкциялану моделі негізінде жүргізілді, мұнда тіл тек ақпарат жеткізу құралы ғана емес, тұлғаның әлеуметтік және мәдени позициясын айқындайтын құрал ретінде қарастырылды. Мазмұндық талдау нәтижесінде жиі қолданылатын тілдік бірліктердің тақырыптық жіктелуі, жиілігі және контекстуалды қолданылу үлгілері анықталды [7, 34–35-66.].

Материалдар мен әдістер жинағы зерттеу мақсатына сай тілдік репертуар мен сәйкестілік трансформациясын тек формалды-лингвистикалық тұрғыда емес, сонымен қатар, әлеуметтік-психологиялық, прагматикалық және мәдени семиотика аясында сипаттауға мүмкіндік берді. Бұл әдіснамалық тәсіл қазіргі жастар мен жасөспірімдер тілін зерттеудің көпқырлы, интердисциплинарлық сипатта болуы қажеттігін дәлелдеді. Дереккөздерді жинақтау мен талдау барысы ғылыми этика талаптарына сәйкес жүзеге асырылып, респонденттердің келісімі алдын ала алынды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі жастардың тілдік репертуары мен сәйкестілік трансформациясының күрделі, көпдеңгейлі сипатын ашып көрсетті. Тілдік репертуардың қалыптасуы жылжымалы сипатқа ие. Оған әсер ететін факторлардың бүгінде көптігін аңғартты.

Отбасы: отбасында, үй ішінде қолданылатын тілдер мен диалектілер тілдік репертуардың негізін құрайды.

Білім беру саласындағы тәжірибе: дәстүрлі білім беру және оқу үдерісі жаңа тілдермен, академиялық және кәсіби регистрлер және стильдермен танысуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік әрекеттесу: қоғам мүшелері мен қарым-қатынас орнату, қызығушылықтары бойынша адамдармен бірігу, әлеуметтік желілерді қолдану үшін пайдаланылатын белгілі бір диалектілер немесе сленгтер.

Мәдени ықпал: саяхаттау кезінде немесе көпмәдениетті ортада өмір сүруде әртүрлі мәде ниеттердің әсерінен енетін тілдер немесе жекелеген фразалар арқылы тілдік репертуар толығып отырады.

Жаһандану: бұқаралық ақпараттық құралдар мен технологиялар арқылы тілдердің жаһандық таралуы нәтижесінде кірме сөздер енуінен тілдік репертуар өзгеріске ұшырайды.

Экономикалық уәж: адамның қажеттіліктерін өтеуде экономикалық тұрғыда беделді тілдерді меңгеруге деген қызығушылық тілдік репертуардың толығыуының бірден бір себебі [11, 194-б.].

Яғни цифрлық технологиялар мен медиа әсері; көптілді орта мен жаһандану процестері; тұлғалық өзін-өзі айқындау қажеттілігі.

Зерттеу нысаны ретінде таңдалған респонденттердің күнделікті тілдік практикасы мен сөйлеу контексттері табиғи және құрылымдалған жолдармен жинақталды. Эмпирикалық деректер жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар, сынып ішіндегі бейресми сөйлесулерді бақылау және әлеуметтік желілердегі жазбаларын талдау арқылы алынды. Жасалған мәтіндік корпус – жасөспірімдердің шынайы тілдік ортасы мен прагматикалық бейімделуін талдауға негіз болды. Осы мәліметтер негізінде бірнеше өзара байланысты тілдік және әлеуметтік-психологиялық феномендер анықталды.

Негізгі тілдік үрдістер:

1 Код араластыру (code-mixing): қазақ және орыс тілдерінің синтаксистік бірігуі. Қазақ-орыс код-араласу мысалдары: «*Сен бүгін вообщем tired көрінесің ғой*», «*Тест қиын боп кетті, просто басым істемей тұр*», «*Ол маған прям strange болып көрінді*», «*Урокта chill жасап отырдым, анай байқап қойды*» мұнда «вообщем», «просто», «chill», «strange» сияқты орыс және ағылшын сөздері сөйлемнің эмоционалды немесе экспрессивтік функциясын күшейтеді.

2 Ағылшын элементтерін қолдану: «deadline», «challenge», «topic», «mood» қазақ-ағылшын гибридтеріне «*бүгінгі mood – complete chaos*», «*кеттік, coffee time*», «*менің dream – өз brand ашу*», «*exam tough, бірақ survive етем*», «*weekend plans: movie + friends + relax*» ағылшын тілінен енген сөздер (mood, dream, weekend, survive) сияқты сөздер жастар сәйкестілігінің «заманауилық» және «жаһандыққа жақын» ретінде көрсетеді.

3 Мемдік және визуалды компоненттер: тілдік емес элементтер (эмодзи, стикерлер, гифтер) вербалды репертуардың бір бөлігіне айналған, «*Crush көрді story-мды RIP менің dignity-м*», «*анай айтты – ертең quiz, мен 🤔🤔🤔*» «*Wi-Fi gone, life stopped 😊*» «*Бұл vibe ұнан тұр 🎧*», «*Group-ma*

флуд жасап, бәрін mute еттім» дей отырып жастар ғаламтор контексті сөздік қорын (crush, story, vibe, mute) тікелей коммуникация тіліне енгізеді, эмоцияны эмодзи және визуалды белгілермен жеткізеді.

4 Ұлттық және әлеуметтік сәйкестілік көріністері: тілдік таңдау арқылы жастар өзін «urban», «open-minded» немесе «ұлтшыл» дискурстық позицияда ұсынады. этномәдени сәйкестілік маркерлері, *«qazaq style деген – шәй иішін, deep talk жасау»*, *«наурыз vibes everywhere»*, *«мен ауылда өскенмін, бірақ city mindset-темін»*, *«қазақша сөйлесек те, global ойлаймыз ғой»*, *«dombyra мен laptop – екеуі de inspiration»*, бұл мысалда жастар ұлттық мәдени элементтерді (домбыра, Наурыз, ауыл) заманауи технологиялық және жаһандық категориялармен (city mindset, global, laptop) байланыстырады, яғни бұл сәйкестілік трансформациясының айқын белгісін көрсетеді.

Қазақстандық ғалымдардың «Code-Switching in a Multilingual Classroom in Kazakhstan: A University Students' Perspective» атты еңбегінде жастар тіліндегі код ауыстыруды әлеуметтік орта мен цифрлық коммуникация әсерімен байланыстырады. Университеттік көптілді ортада студенттер код ауыстыруды қарым-қатынас тиімділігін арттыру үшін қолданады делінеді [12, 379-б.]. Құрылымдалған сұхбат нәтижелері бойынша оқушылардың тілдік репертуары мен сәйкестілік көріністерінен байқайғанмыздай жастардың сөйлеу репертуарында қазақ тілі+орыс тілі код ауысу жиілігі – жоғары.

1 - кесте

№	Тілдік репертуар (қолданылатын тілдер)	Код-ауысу жиілігі	Түсіндірмесі
1	қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі	жоғары	қазақша сөйлеуді ұнатады, бірақ достарымен орысша сөйлеседі
2	орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі	орташа	өзін «қазақ» деп санайды, бірақ қазақша сөйлеуге қиналады
3	қазақ тілі, ағылшын тілі	жоғары	ағылшын тілін «заманауилықтың белгісі» деп есептейді
4	орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі	жоғары	код-ауысуды қалыпты тәжірибе деп қабылдайды
5	қазақ тілі, орыс тілі	төмен	тек қазақша сөйлеуге тырысады, ұлттық сәйкестілік маңызды

Респонденттердің тілдік репертуары құрылымдық тұрғыдан күрделі әрі полимодальды сипатқа ие екені айқындалды. Көптеген респонденттер бір тілмен шектелмей, коммуникативтік жағдайға байланысты бірнеше тілдік кодты еркін ауыстырып, қолдана алатынын көрсетті.

Сөйлеушінің тілдік репертуарында – гибридітік құрылымдар мен прагматикалық икемділік, код ауыстырудың бірнеше түрі айқын байқалады.

Бұл репертуар негізінен қазақ әдеби тілі, орыс тілі, ағылшын тілінен енген лексикалық бірліктер, сондай-ақ гибридітік және сленг формаларынан тұрады. Қазақ әдеби тілі ресми дискурста, оқу үдерісінде, оқушы-оқытушы қатынаста қолданылса, бейресми жағдайда орыс тілі мен аралас құрылымдар басымдыққа ие. Оқушылардың ауызекі тілінде «*мен сені boost етем*», «*бүгін бізде speaking болады*», «*тағы бір level қалды*», «*кеттік, break жасап келеміз*» сияқты құрылымдардың жиі қолданылуы олардың тілдік репертуары прагматикалық икемділікке бейім екенін көрсетеді.

Г. Г. Гиздатовтың медиасәйкестілік анализі [13, 127-б.] және Ш. К. Жарқынбекова мен М. В. Логинованың студенттік типаж анализі [14, 34-б.] жастар тілдік таңдауларын тарихи, мәдени және медиа контексте түсіндіруге мүмкіндік береді.

Ғалым А. Жарылғаптың еңбегінде, орыс тілді қазақ отбасыларының тілдік саясаты мен қазақ тілді мектептерді таңдаудағы әлеуметтік-психологиялық уәждері қарастырылады [15, 800-б.].

Ғалым О. А., Аниченко, Ш. Жарқынбекова өз зерттеуінде қазақстандық жастар арасындағы тілдік мінез-құлықтың жаңа үрдістері, код-ауыстыру құбылысы және үштілділік жағдайында тілдік сәйкестіктің өзгеруі туралы жазады [15, 788-б.].

Сөйлеушінің әрекетіне қарай: эмоцияны күшейту – «*қазір сабақта отырмыз, бірақ вообще nobody тыңдап жатқан жоқ*», интеллектуалды әлеуетін көрсету – «*мына тест қиын болды, бірақ мен оны easily шештім*», «*кешке үйге барғанда assignment-ті оңай жасап тастаймын*», ұстанымды нақтылау, келісу/келіспеу – «*айтқаның дұрыс қой, но всё равно мен сенікімен келіспеймін that - s true!*» сынды «*Қазір мотивация жоқ, просто chill жасап отырмын*», «*Кеттік, кофе ішіп, life-ті талқылайық*», «*Жай ғой, флекс емес, просто mood*» көптеген мысалдар, эмоциялық күйін, өзіндік «жеке стиль» арқылы білдіру ниетін, сонымен қатар көптілді ортаға бейімделуін көрсетеді.

Код-ауысу құбылысы – респонденттердің тілдік тәжірибесінің ажырамас бөлігіне айналған деуге болады, тілдік бірліктерді еркін қолдану, сөйлеу нормасынан ауытқу, сленг сөздерді өте көп мөлшерде пайдалану олар үшін қалыпты екенін аңғартады.

Респонденттер өздерін нақты бір этникалық немесе тілдік категориямен шектемейді, керісінше, тілдік сәйкестілігін контекстке, әлеуметтік ортаға

және коммуникативтік серіктеске қарай икемдейді. Сұхбат барысында респонденттердің қазақ тілінде сөйлеуді «ұлттық парыз» ретінде қабылдаса да, достарымен еркін сөйлескенде орыс тіліне жиі ауысатынын немесе ағылшын сөздерін қолдану арқылы «заманауи», «креативті» бейне қалыптастырғысы келетінін мойындады. Мұндай тілдік тәжірибе сәйкестіліктің дискурстық құрылым ретінде әрқашан қозғалыста, қайта құрылу процесінде болатынын көрсетеді.

Сәйкестілік динамикасы. Жастар тілінде байқалатын репертуар кеңеюі сәйкестіліктің трансформациясына әкеледі. Жастар үшін сәйкестілік трансформациясы келесі арналарда жүреді: а) *код ауыстыру және код қосылу* – жастар қазақша, орысша, ағылшынша сөздерді араластырады, бұл оларды әмбебап, гибриді етуге бағытталған; ә) *стильдік бейімделу* – жастар белгілі әлеуметтік топтар мен мәдени өрнектердің стилін имитациялайды (urban стилі, влогер тіл стилі және т.б.). б) *жаңа қолданыстар мен жаргон тілі* – тілдік инновациялар, мемдік және интернет-кодтар жаңа сәйкестілік маркерлері ретінде қызмет етеді; в) *медиалық* – жастар әлеуметтік желідегі өз бейнесін тілдік таңдау арқылы жобалайды, өздерін «инфлюенсер», «креатор», «digital native» деген категорияда танытады.

Зерттеу деректері бойынша, тілдік таңдауға әсер ететін түрлі факторлар: әлеуметтік орта (дос, мұғалім, ата-ана), медиатұтыну тәжірибесі (TikTok, YouTube, Telegram, Instagram), білім беру тілі және цифрлық ортадағы тілдік доминанттар. Жастар TikTok, Instagram, сияқты платформаларда өзінің лингвистикалық болмысын еркін құрастырып, тілдік репертуарды стилистикалық ойынның элементі ретінде пайдаланады. «Хайп», «чек», «пранк», «lowkey» сияқты сөздердің белсенді қолданылуы – интернет-жасанды ортада тілдің формалды емес, фрагменттелген қолданысының белгісі. Бұл жағдай, өз кезегінде, тіл мен сәйкестілік арасындағы байланысты тек дәстүрлі лингвистикалық құрылымдармен емес, әлеуметтік медиапрактикалармен байланыстылығын айқындайды.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері тілдік репертуар мен сәйкестілік арасында өзара итермелеуші, өзара толықтырушы байланыс бар екенін көрсетті. Мысалы, респондент өзін қазақ ретінде қабылдай отырып, достарымен орысша сөйлесуді қалыпты деп санайды, ал әлеуметтік желіде ағылшынша немесе аралас кодпен жазу – қалыпты коммуникативтік тәжірибеге айналған. Бұл құбылыс тілдің лексикалық (өзге тіл элементтерін қосу), морфологиялық (бір тілге өзге тіл қосымшалын жалғау), синтаксистік (аралас құрылымды сөйлемдер) деңгейлерінде толыққанды кездеседі.

Зерттеу нәтижелері сөйлеу тіліндегі өзгерістерді жай ғана лингвистикалық құбылыс ретінде емес, кешенді әлеуметтік практика ретінде қарастыру қажет екенін көрсетті. Жастар тілдік кеңістікті өз тәжірибесі арқылы игеріп,

сол кеңістікте өзін-өзі тілдік тұлға ретінде қалыптастыруға тырысады. Демек, тіл тек сөйлеу актісі емес, тұлғалық және мәдени субъект ретінде қалыптасудың белсенді құралы. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан тілдік репертуар қоғамдағы тілдердің функциясын, тілдер қатынасын, қандай да бір елдегі тілдік жағдаятты және тілдік саясатты көрсететін индикатор ретінде қарастырылады. Жекелеген тұлғалардың тілдік репертуары қоғамдағы тілдік алуантүрлілік пен тілдік өзгерістердің динамикасын көрсетеді. Тілдік репертуар арқылы зерттеушілер келесі деректерге – тілдің әртүрлі әлеуметтік жағдаяттарда нұсқалану жолдарын анықтап, талдау; күнделікті өмірде адамдардың әртүрлі тілдік нұсқаларда бағдарлануын талдау; тілдің қолданылуы және жеке бастың сәйкестендірілуі, қоғамдық биліктің өзгеруі және т.б. айнаымалылардың байланысын зерттеу. Әр адамның тілдік репертуары қайталанбайтын бірегей құбылыс болып табылады. Себебі, тілдік репертуардың қалыптасуына адамның өмірлік тәжірибесі әсер етеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе респонденттердің сөйлеу тәжірибесінде тілдік репертуар мен сәйкестілік трансформациясының күрделі, көпдеңгейлі, динамикалық үдеріс ретінде қалыптасып жатқанын анық көрсетті. Тілдік репертуар – бұл статикалық немесе жабық құрылым емес ол әрбір сөйлеушінің күнделікті қарым-қатынас контекстіне, әлеуметтік мәртебесіне, медиатүтыну машығына және прагматикалық мақсатына қарай үнемі кеңейіп, бейімделіп отыратын икемді жүйе. Зерттеуге тартылған оқушылардың сөйлеуінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің элементтері прагматикалық мақсаттарға сай еркін қолданылып, код-ауысу мен трансгрессивті құрылымдар арқылы жаңа мағыналық қабаттар түзетіні анықталды.

Сәйкестілік трансформациясы да оқушылар дискурсында тұрақты категория емес, керісінше – өзгермелі, контекске тәуелді, дискурстық деңгейде қалыптасатын күрделі құрылым ретінде сипатталады. Жасөспірімдер өздерін әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада бейнелеу үшін тілдік репертуарды саналы түрде құрастырып, сәйкестіліктің этникалық, урбанистік, жаһандық және медиалық түрлерін біріктіреді. Translanguaging құбылысы жастар үшін тілдер арасындағы шекараны жою ғана емес, сонымен бірге өздерінің когнитивтік және символикалық кеңістігінде жаңа мағына қалыптастыру амалы ретінде көрініс табады. Жастардың тілдік болмысы – динамикалық, полиморфты және гибридік сипатқа ие әлеуметтіклингвистикалық, прагмалингвистикалық, психоллингвистикалық және өзге де тың зерттеулерді талап ететін күрделі құбылыс.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Lanza, E., Svendsen, B. A.** Tell me who your friends are and I might be able to tell you what language(s) you speak : Social network analysis, multilingualism, and identity // *International Journal of Bilingualism*. 2007. – Vol. 11(3) – P. 275–300. – <https://doi.org/10.1177/13670069070110030201>
- 2 **Gumperz, J. J.** Formal and informal standards in Hindi regional language area (with C. M. Naim), in C. A. Ferguson and J. J. Gumperz (eds) : *Linguistic Diversity in South Asia*, Vol. III. RCAPF-P. // *International Journal of American Linguistics*. – 1960. – Vol. 26/3 – P. 92–118.
- 3 **Gumperz, J. J.** Linguistic and social interaction in two communities // *American Anthropologist*. – 1964. – Vol. 66/(6/2). – P. 137–153
- 4 **Blommaert, J., & Backus, A.** Superdiverse repertoires and the individual // *Working Papers in Urban Language & Literacies*. – 2013 – P. 25
- 5 **Busch, B.** Expanding the notion of the linguistic repertoire: on the concept of *spracherleben*-the lived experience of language // *Applied Linguistics*, 2015. – Vol. 38(3). – P. 1–20.
- 6 **Finegan, E.** *Language: its structure and use* – Boston, Thomson Wadsworth. – 2004. – P. 319.
- 7 **García, O., Wei, L.** *Translanguaging : Language, Bilingualism and Education*. – Palgrave Macmillan, 2014. – P. 240.
- 8 **Bucholtz, M., Hall, K.** Identity and interaction : A sociocultural linguistic approach // *Discourse Studies*, 2005. – 7 (4-5). – P. 585–614.
- 9 **Gee, J. P.** *An Introduction to Discourse Analysis: Theory and Method* (4th ed.). – Routledge, 2014. – P. 60–112.
- 10 **Poplack, S.** Sometimes I'll start a sentence in Spanish y termino en español: Toward a typology of code-switching // *Linguistics*. – 1980. – 18(7–8). – P. 581–618.
- 11 **Досанова, А. М., Жанибекова, А. Б., Бурангалиева, С., Жолмырзаева, Д.** Қазақстан жастарының тілдік репертуары. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2025. – № 2. – 194 б. – <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/issue/view/83>.
- 12 **Utegenova, A., Utegenova, K., Umarova, G., Utepova, N., Yergaliyeva, Zh., Nurtazina, N., Doskeyeva, M.** Code-Switching in a Multilingual Classroom in Kazakhstan: A University Students' Perspective. – 2024. *Forum for Linguistic Studies* 6(6). – P. 371–380. – <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7338>
- 13 **Гиздатов, Г. Г.** Дискурс идентичности в медийном пространстве современного Казахстана // *Политическая лингвистика*. – 2019. – № 1. – С. 127–133.

14 **Жаркынбекова, Ш. К., Логинова, М. В.** Лингвокультурный типаж «студент» : нарративное измерение // Вестник Томского гос. ун-та. Серия «Филология». – 2021. – С. 27–49.

15 **Жаркынбекова, Ш. К., Анищенко, О. А., Логинова, М. В.** Лингвокультурный типаж казахстанского студента сквозь призму нарратива // Вестник Санкт-Петербургского университета. Язык и литература. – 2023. – 20(4). – С. 788–802. – <https://doi.org/10.21638/spbu09.2023.407>

References

1 **Lanza, E., Svendsen, B. A.** Tell me who your friends are and I might be able to tell you what language(s) you speak: Social network analysis, multilingualism, and identity identity [Tell me who your friends are and I might be able to tell you what language(s) you speak : Social network analysis, multilingualism, and identity] // International Journal of Bilingualism. – 2007. – Vol. 11(3) – P. 275–300. – <https://doi.org/10.1177/13670069070110030201>

2 **Gumperz, J. J.** Formal and informal standards in Hindi regional language area [Formal and informal standards in Hindi regional language area] (with C. M. Naim), in C. A. Ferguson and J. J. Gumperz (eds) : Linguistic Diversity in South Asia, Vol. III. RCAPF-P. // International Journal of American Linguistics. – 1960. – Vol. 26/3 – P. 92 – 118.

3 **Gumperz, J. J.** Linguistic and social interaction in two communities [Linguistic and social interaction in two communities]. // American Anthropologist. – 1964. – Vol. 66/(6/2). – P. 137–153.

4 **Blommaert, J., & Backus, A.** Superdiverse repertoires and the individual [Superdiverse repertoires and the individual]. // Working Papers in Urban Language & Literacies. – 2013. – P. 25.

5 **Busch, B.** Expanding the notion of the linguistic repertoire: on the concept of spracherleben-the lived experience of language [Expanding the notion of the linguistic repertoire: on the concept of Spracherleben – the lived experience of language]. // Applied Linguistics, 2015. – Vol. 38(3). – P. 1–20.

6 **Finegan, E.** Language : its structure and use [Language: its structure and use]. – Boston, Thomson Wadsworth, 2004. – P. 319.

7 **García, O., Wei, L.** Translanguaging : Language, Bilingualism and Education [Translanguaging : Language, Bilingualism and Education]. – Palgrave Macmillan, 2014. – P. 240.

8 **Bucholtz, M., Hall, K.** Identity and interaction : A sociocultural linguistic approach [Identity and interaction: A sociocultural linguistic approach]. // Discourse Studies, 2005. – 7 (4–5). – P. 585–614.

9 Gee, J. P. An Introduction to Discourse Analysis : Theory and Method [An Introduction to Discourse Analysis : Theory and Method]. (4th ed.). – Routledge, 2014 – P. 60–112.

10 Poplack, S. Sometimes I'll start a sentence in Spanish y termino en español: Toward a typology of code-switching [Sometimes I'll start a sentence in Spanish y termino en español: Toward a typology of code-switching]. // Linguistics, – 1980. – 18(7–8). – P. 581–618.

11 Dosanova, A. M., Zhanibekova, A. B., Burangalieva, S., Zholmyrzaeva, D. Qazaqstan zhastarynyn tilik repertuary [Linguistic repertoire of Kazakh youth]. – Almaty: KazNU Khabarshysy. Filologiya seriyasy, 2025. – No. 2 – 194 p. – <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/issue/view/83>.

12 Utegenova, A., Utegenova, K., Umarova, G., Utepova, N., Yergaliyeva, Zh., Nurtazina, N., Doskeyeva, M. Code-switching in a multilingual classroom in Kazakhstan: A university students' perspective [Code-switching in a multilingual classroom in Kazakhstan: A university students' perspective]. // Forum for Linguistic Studies. – 6(6). – 2024. – P. 371–380. – <https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7338>

13 Gizdatov, G. G. Diskurs identichnosti v medijnom prostranstve sovremennogo Kazaxstana [Discourse of identity in the media space of modern Kazakhstan] // Politicheskaya lingvistika. – 2019. – № 1. – P. 127–133.

14 Zharkynbekova, Sh. K., Loginova, M. V. Lingvokul'turny'j tipazh «student»: narrativnoe izmerenie [Linguocultural type «student»: narrative dimension] // Vestnik Tomskogo gos. un-ta. Seriya «Filologiya». – 2021. – P. 27–49.

15 Zharkynbekova, S. K., Anishchenko, O. A., Loginova, M. V. «Linguocultural Typology of the Kazakhstani Student through the Lens of Narrative». // Vestnik of St. Petersburg University. Language and Literature, 2023. – Vol. 20(No. 4). P. 788–802. – <https://doi.org/10.21638/spbu09.2023.407>

11.12.24 ж. баспаға түсті.

10.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. М. Досанова¹, К. С. Алдашева²,

**А. Б. Жанибекова³, А. Буранғалиева⁴*

^{1,2,3}Қазақский национальный университет

имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы;

⁴Международная образовательная корпорация,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 11.12.24.

Поступило с исправлениями 10.01.25.

Принято в печать 25.11.25.

ЯЗЫКОВЫЕ ПРОЦЕССЫ В ЯЗЫКОВОМ РЕПЕРТУАРЕ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

В статье описывается расширение языкового репертуара и трансформация идентичности в речи современной молодёжи с лингвистической, социолингвистической и прагматической точек зрения. В результате процессов глобализации, урбанизации и цифровой коммуникации усиливается взаимодействие нескольких языковых систем, размываются языковые границы и формируются новые гибридные структуры. Эти процессы способствовали динамичному развитию молодёжной культуры, изменению форм социального взаимодействия и способов самопрезентации через язык.

Основная цель статьи — определить языковой репертуар и модели идентичности респондентов, выявить их код-свитчинг, транслингвистическую адаптацию и прагматические стратегии, а также описать проявления многоязычия в молодёжной речи и их связь с языковой идентичностью. В ходе исследования, основанного на качественной методологии (qualitative approach), использованы три эмпирических метода: структурированное глубинное интервью, сбор естественного дискурса и включённое наблюдение. В качестве эмпирического материала применялись речевые образцы и коммуникация молодёжи в социальных сетях. В результате были выявлены различные формы код-свитчинга, калькированные конструкции, заимствования и случаи прагматической адаптации через сленг. Кроме того, результаты исследования показали, что языковой выбор молодёжи напрямую связан с их социальным статусом, культурным капиталом и самоидентификацией в цифровом пространстве. Описаны основные тенденции, формирующиеся в языковом репертуаре молодёжи.

Ключевые слова: языковой репертуар, код-свичинг, трансформация идентичности, трансьязычие, многоязычие, языковой процесс.

A. M. Dossanova¹, K. S. Aldasheva²,

*A. B. Zhanibekova³, A. Burangalieva⁴

^{1,2,3}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴International Educational Corporation,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 11.12.24.

Received in revised form 10.01.25.

Accepted for publication 25.11.25.

LINGUISTIC PROCESSES IN THE LINGUISTIC REPERTOIRE OF KAZAKHSTANI YOUTH

This article describes the expansion of the linguistic repertoire and the transformation of identity in the speech of modern youth from linguistic, sociolinguistic, and pragmatic perspectives. As a result of globalization, urbanization, and digital communication processes, the interaction of multiple language systems has intensified, blurring linguistic boundaries and forming new hybrid structures. These processes have contributed to the dynamic development of youth culture, changes in forms of social interaction, and new ways of self-expression through language.

The main purpose of the article is to identify the respondents' linguistic repertoire and identity models, to determine their code-switching, translanguaging adaptation, and pragmatic strategies, and to describe the manifestations of multilingualism in youth speech and its connection to linguistic identity. The study, based on a qualitative methodology, employed three empirical methods: structured in-depth interviews, natural discourse collection, and participant observation. Empirical material included youth speech samples and communication on social media. As a result, various forms of code-switching, calqued constructions, borrowed words, and cases of pragmatic adaptation through slang were identified. Moreover, the findings revealed that young people's language choices directly influence their social status, cultural capital, and self-positioning in digital spaces. The main linguistic trends forming within the youth linguistic repertoire are characterized and analyzed.

Keywords: linguistic repertoire, code-switching, identity transformation, translanguaging, multilingualism, language process.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz